

**"Нұр-Сұлтан қаласы Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Жеңіс күніне орай қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы" Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 3 мамырдағы № 380/49-VI шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 маусымдағы № 515/68-VI шешімі. Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 шілдеде № 1277 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 7-бабына, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Нұр-Сұлтан қаласы Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Жеңіс күніне орай қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы" Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 3 мамырдағы № 380/49-VI шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1226 болып тіркелген, 2019 жылғы 14 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты  
сессиясының төрағасы*

*С. Батпенев*

*Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты  
хатшысының міндетін атқарушы*

*М. Шайдаров*